

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ
РАЙЫМБЕК БАТЫР АТЫНДАҒЫ №50 «ҚАЗҒАРЫШ»
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ
№2 ӨНЕР МЕКТЕБІ**

Домбыра үйрену
Жұмыс дәптері
4-сынып

Нұр-Сұлтан, 2020

Қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысында қарастырылып Республикалық Сараптамалық кеңесте қарастыруға жіберілді (хаттама №1, 24.08.2020ж.)

Пікір берушілер:

Б.А.Абенев., дәтүрлі музыка өнері факультеті, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымының магистрі, Қазақ Ұлттық Өнер университеті.
Иманқұлова Р.Т., директордың оқу ғылыми жұмыстар ісі жөніндегі орынбасары.

Құрастырушылар: Алхожаева Н.К. , Дуйсенгазиев Б.Б. Домбыра үйрену. Жұмыс дәптері - Нұр - Сұлтан, 2020.-30 б.

«Домбыра үйрену» жұмыс дәптері 4-сыныптың домбыра факультеті таңдау пәніне арналған. Жұмыс дәптерінде оқушылардың игеретін шығармаларының ноталары мен сандық нұсқалары, күйлердің шығу тарихы, аңыздары жүйелі түрде берілген. Бұл жұмыс дәптері домбыра аспабын оқушылардың сауатты игеруіне, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған.

«Домбыра үйрену» жұмыс дәптері 4-сынып оқушыларына арналған.

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Шартты белгілер мен таңбалар	5
1-сабақ.....	6
3-4-сабақ.....	10
5-6-сабақ.....	11
7-8-сабақ.....	12
9-сабақ.....	13
10-12-сабақ.....	15
13-15-сабақ.....	16
16-сабақ.....	17
17-сабақ.....	19
18-20-сабақ.....	21
21-24-сабақ.....	22
25-26-сабақ.....	24
27-29-сабақ.....	25
30-32-сабақ.....	27
33-34-сабақ.....	28
Пайдаланылған әдебиеттер.....	30

ЖАС ДОС

Біз домбыра аспабын игеруді жалғастырамыз!

Қазақ халқы ұлттық музыкаға өте бай! Музыкалық жанрлардың ішінде «күй» жанры ерекше орын алады. Күй өнері – қазақ халқының ең басты рухани байлығының, жан дүние байлығының ең бір киелі, қасиетті түрі. Күй - қазақтың бүкіл тарихының шежіресі, жабырқаса мұңдасы, жадыраса сырласы болған.

4-сыныпта домбыра аспабында күй ойнауды игересің. Сонымен қатар игерілетін шығарманың тарихымен, аңызымен танысасың.

Шартты белгілер мен таңбалар:

П – қағысты төмен алу, яғни төмен қағыс.

V – қағысты жоғары алу, яғни жоғары қағыс.

2 4 5 7 – төменгі, ішектегі пернелердің таңбалануы

0 5 5 5 - жоғары, ішектегі пернелердің таңбалануы

1, 2, 3, 4 - сол қол саусақтарының таңбалануы

б – сол қолдың бас бармағының жоғарғы ішекке таңбалануы

4/4 – күйдің өлшемі, яғни саналуы(1-ге,2-ге,3-ке,4-ке деп санау)



- тапсырмалар, шығарманы аспапта ойнау



- музыкалық анықтама



- музыка тыңдау



- оқу




- ойлану



- сұрақтар

1-сабақ

Күй аспаптық музыкалық жанр



Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі - күй. Ал, күй дегеніміз - адамның жан дүниесіндегі толғаныс - тебіреністерін, тарихи кезеңдердегі нақты оқиғаларды, табиғат болмысындағы құбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп, көрсететін бағдарламалы мазмұны бар шығарма.

Күй өнерінің мол жүгін арқалап,оны бүгінгі күнге дейін жеткізіп, дара танылған негізінен үш аспап. Олар домбыра, қобыз және сыбызғы. Күй қазынасының басым көпшілігі домбыраның еншісінде.

Аңыз — халық ауыз әдебиеті жанры. Аңыз белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Аңыз әңгімеде шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады.



1-тапсырма. Аңызды түсініп оқы.

Халық күйі «Ақсақ құлан»

Жошы ханның баласы құлан аулауға шығып, құландардың көсемін жаралайды. Жараланған құлан аңшыны қос өкпеден қос аяқпен теуіп, айдалада өлтіреді.

Ұлы хабар - ошарсыз кеткен соң, бір сұмдықты сезген хан жаман атты естуге дәті бармай былай деп жар салады: „Кімде кім баламның өлгенін естіртер болса, аузына қорғасын ерітіп құямын “. Мұндай сөзді естіген соң жаман хабарды барып айтуға кімнің батылы жетсін?! Ешкім тіс жармайды.

Бір күні тақта отырған ханның алдына қызметшісі жүгіріп келеді:„Алдияр тақсыр, ханзаданың хабарын білем деп есік алдына

бір кісі келіп тұр” дейді ол. Хан „кірсін” деп әмір етеді. Ішке қолында домбырасы бар бір кісі кіреді. Хан: „Жолаушым, білгенінді жасырмай түгел айт“,- дейді. Сонда күйші қолына домбырасын алып: „Менің білгенімді екі ішек пен бір тиек айтып береді“, - деп күмбірлетіп жөнеледі.

Хан ұлының қаза тапқанын түсінеді. Сөзіне берік хан, домбыраның көмейіне қорғасынның ерітіндісін құяды.



1. Жошы ханның жас баласы қалай қайтыс болған?
2. Жошы не деп жарлық шығарды?
3. Жошыға баласының өлгенін кім және қалай естіртті?



2-тапсырма. Тыңдау.

Халық күйі «Ақсақ құлан»

1. Күйдің екпіні қандай?
2. Күйдің көңіл күйі қандай?

2- сабақ

Халық күйі «Көк дөнен»



1-тапсырма. «Көк дөнен» күйінің аңызын оқы.



Мұңғұл мен қазақ арасының дау-шары бір кездері асқынып соғысқа айналыпты. Бұл соғысқа көк дөненін мініп, бала Жәнібек те шығады. Хан Абылай мұны көрсе де, бетінен қақпапты. Сұрапыл соғыс бастала сала-ақ, қарсы жақтың күші басым келіп, Абылай жақ ығысып қашқан екен. Қалың айғай-сүрен, у да шудың ішінде жүрген Жәнібек бір кезде Абылайдың артта қалып қойғанын аңғарып, жау жаққа қайта ұмтылыпты да, Абылайды ұтылап, қаумалап жүрген жауға араласып кетіпті. Жаудың бірталайын жер құштырып, бетін бір қайтарып жіберіп, Абылайға келіп, көк дөненін көлденең тартып:

— Қашып құтылыңыз, жаумен мен айқасамын! — депті. Абылай намыс көріп, көк дөненге мінгісі келмеді. Сонда Жәнібек ызаланып:

— Басыңды жауыңа алдырғанша, өзім алайын! — деп қылышын суырып алған екен. Абылай амалсыз көк дөненге мініпті.

Жәнібек Абылайдың атымен қайта соғысқа шығып, жауды қанға тоғытып, бетін қайтарыпты.

Жаудың беті қайтқан соң Жәнібек бір кезеңге шығып, атын қаңтарып тастап, демалайын деп ұйықтап қалады. Қайтып барған Абылай тобының ішіндегі керейдің бір шалы, Жәнібектің қайтып келмегенін біліп, іздеп шығады. Шал Жәнібек жатқан маңға келгенде атын қаңтарып тастап ұйқыда жатқан Жәнібекті көреді. Шал Жәнібекті оятып, ахуалды оған айтады да, топқа бастап кетеді. Бұл кезде ордадан Абылай да «көк дөненін берген баланы қайта көремін» деп сұрау салып жатқан кезі екен. Осы кездің үстіне Қабанбай келіп ханға үш талап қойған екен.

Сондағы үш талабы мынау екен: оң тізесінен орын беру; ол болмаса, асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алу; ол да болмаса, қолында ұстап туын беру. Сонда Абылай тұрып:

— Оң тіземе отырғызып уәзір етсем, халық не дейді? Ал асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алғаныммен кісі баласы кісіге бала бола ма? Ең дұрысы ешкімнің таласы жоқ, туымды берейін, — деп Жәнібекке қолындағы туын берген екен. (осы туды Жәнібектің үшінші немересі Зарыққан сақтап келген)

Бұл аңыз елге тарап, ханды жаудан құтқарып кеткен көк дөненді домбырашылар күй етіп, «Жәнібектің көк дөнені» деп шерткен. Осы күй шертілсе болғаны, ел әруақты батыр Жәнібектің ерліктерін еске алады.



Таспсырма. «Көк дөнен күйін тыңдау.


Сұрақтарға жауап бер:



1. Күй қандай екіпінде орындалды?
2. Күйдің орындалу барысында аттың жүрісін сезіне алдың ба?
3. Аттың жүрісін қимылмен жасап көр.

3-4-сабақ

Халық күйі «Көк дөнен» (жалғасы)



Күйдің негізгі үш буыны болады. Бас буын, орта буын және саға буыны.



1-тапсырма. «Көк дөнен» күйінің бас буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің бас буынын қосылып ойна.

КӨК ДӨНЕН

ХАЛЫҚ КҮЙІ

2/4

0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 2 4 5 | 7 4 5 | 4 2 0 2 | 4 2 4 |

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 |

9

4 1 4 1 | 4 1 4 1 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 12 0 12 0 | 12 0 12 |

0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 |

12 14 12 14 | 12 14 12 | 12 10 9 9 | 10 9 10 | 9 7 5 7 | 9 7 9 | 7 5 4 5 | 7 5 7 |

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 |

4 1 0 1 | 4 1 4 1 | 4 1 4 1 | 4 1 4 1 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 2 4 5 |

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 |

4 1 2 1 1 0 1 4 1 4 | 4 1 4 1 4 1 1 | 4 1 4 1 4 1 1 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 |

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 |

5-6-сабақ

Халық күйі «Көк дөнен» (жалғасы)



Тұяқтас – қазақтың музыкалық аспабы. Аспаптың өзіне ғана тән ерекше үні бар. Аспапты жылқының тұяғынан жасайды.

Сұрақтарға жауап бер.



1. Күй неліктен «Көк дөнен» деп аталды, қалай ойлайсың?
2. Жылқыға байланысты қандай атауларды білесің?



1-тапсырма. «Көк дөнен» күйінің сағасын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің сағасын қосылып ойна.

7-8-сабақ

Халық күйі «Көк дөнен» (жалғасы)



Халқымыз ертеден ер баланы жауынгер етіп тәрбиелеуді, еңбекке баулуды мақсат екен. Кез келген ұл бала атқа еркін отырып, шаба білген.

Ашамай - алғаш рет баланы атқа мінгізу рәсімі.





1-тапсырма. «Көк дөнен» күйінің орта буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің орта буынын қосылып ойна.

9-сабақ

Халық күйі «Жастар биі»



Күй – сезім. Сөзбен жеткізе алмағанды күй айта алады. Күй – біздің баға жетпес байлығымыз. ХІХ ғасырда өмір сүрген дарынды композиторлар арасында көптеген күйшілер өткен. Сол күйшілерден бізге жеткен көптеген шығармалардың авторы ұмытылып, біздің заманымызға «Халық күйлері» деген атпен мұра болып келеді.





Би - музыка өнерімен сабақтас халық өнерінің бір түрі. Қазақтың ұлттық би өнері ерте замандардан бастау алып, күні бүгінге дейін өркендеп келеді. Би өнері халқымыздың салт-дәстүр, тұрмыс - тіршілігіне байланысты туындаған. Белгілі күй әуендерін биді сүйемелдеу үшін пайдаланған. Мысалы: «Қаражорға», «Бүркіт биі», «Қазқатар», «Аю би», «Киіз басу», «Өрмек тоқу», «Аққу», «Ортеке» билері.



- 1-тапсырма.** «Жастар биі» күйінің бас буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.
- 2-тапсырма.** Сыныптастарыңмен бірге күйдің бас буынын қосылып ойна.

Жастар биі

ХАЛЫҚ КҮЙІ

2/4

0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 || 0 0 0 4 4 4 | 4 5 4 2 4 4 4 | 7 7 4 5 5 5 | 4 5 4 2 4 4 4 ||

6 6 6 6 6 6 | 6 6 6 6 6 6 | 6 4 6 6 5 5 0 5 5 5 | 6 5 5 6 6 5 5 5 | 6 5 5 0 5 5 5 ||

1 1 2 2 | 2 4 2 1 1 | 4 4 1 2 | 1 2 1 1 1 | 4 1 2 | 1 2 1 1 1 1

4 4 5 7 7 7 | 7 9 7 5 4 4 4 | 7 7 4 5 5 5 | 4 5 4 2 4 4 4 || 0 0 0 0 0 0 |

6 6 6 7 7 7 | 7 7 7 5 5 5 | 6 5 5 5 5 5 | 6 5 5 0 5 5 5 | 6 10 10 10 10 10 |

0 0 0 0 0 0 || 0 0 0 9 9 9 | 9 10 9 7 9 9 9 | 12 12 9 10 10 10 |

6 6 6 6 6 6 || 6 6 4 6 6 6 | 6 10 10 0 6 10 10 | 6 10 10 10 10 10 |

1 2 1 1 1 | 1 2 2 | 2 4 2 1 1 | 4 1 2 | 1 2 1 1 1

9 10 9 7 9 9 9 || 9 9 10 12 12 12 | 12 14 12 10 9 9 9 | 12 12 9 10 10 10 | 9 10 9 7 9 9 9 ||


6 6 6 6 6 6 || 6 6 6 6 6 6 | 6 6 6 6 10 10 | 6 10 10 0 10 10 ||



1. «Жастар биі» күйінің екпіні қандай?
2. Күйдің көңіл күйі қандай (мұңды, көңілді, ойнақы) ?

10-11-12-сабақ

Халық күйі «Жастар биі» (жалғасы)



«Қара жорға» - қазақтың халық биі, қазақ биінің төресі, атасы. «Қаражорға биі» қазақ билерінің атасы, ескіден келе жатқан ежелгі мұрамыз. Халықтың Жорғадай тайпалған, думанға толы дәстүрлі биі дегенді білдіреді.



1-тапсырма. «Жастар биі» күйінің негізгі буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің негізгі буынын қосылып ойна.




3-тапсырма. Музыка тыңдау және талқылау.

1. «Қара жорға» биін бейнебаяннан тамашала.
2. «Қара жорға» биінің қимылдарын қайтала.

13-14-15-сабақ

Халық күйі «Жастар биі» (жалғасы)



 Ортеке – қазақтың халық биі. Оның қуыршақ теке, жеке биші және бишілер тобы орындайтын түрлері бар. Біріншісінде үстел үстіне орнатылған қуыршақ-текенің аяғы, мойны, денесі қозғалмалы етіп жасалады да, жіңішке жіптер арқылы домбырашының саусақтарына байланады. Күй тартылғанда саусақтардың жоғары-төмен қозғалуына орай қуыршақ-текенің дене мүшелері де қимылдап, күй ырғағына сай билеп жүргендей әсер тудырады.



Тапсырма. Тыңдау.

Раздықтың күйі «Аңшының зары» шығармасын бейнебаяннан тамашала. Ортекенің биіне көңіл бөл.



1-тапсырма. «Жастар биі» күйінің орта буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің орта буынын қосылып ойна.


16-сабақ

Қайталау сабағы



1-тапсырма. Өткен сабақтарда үйренген шығармаларды қайтала.

2-тапсырма. «Ақсақ құлан» күйінің аңызын берілген суреттер арқылы баянда.



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Күй қандай жанр?
2. «Көк дөнен» күйінің мазмұны не туралы?
3. «Көк дөнен күйі қандай ырғақта орындалады?
4. Бас буын күйдің қай бөлімі?
5. Орта буын нешінші пернелерде ойналады?
6. «Жастар биі» күйінің екпіні қандай?
7. «Жастар биі» күйі неше буыннан тұрады?
8. Неге көптеген күйлер халық күйі деп аталады?
9. «Ашамайға отырғызу» қандай дәстүр?
10. Күйдің өзіндік айтар ойы, оқиғасы бар ма?

17- сабақ

Халық күйі «Тепеңкөк»



«Тепеңкөк» күйінің аңызы (I нұсқа).



Тепеңкөк әу баста бір байдың қойға салған шабан аты екен. Мың салса бір баспайтын шабандығына бола Тепеңкөк атанса керек.

Күндердің бір күнінде тақымында жүрген Тепеңкөкке жұрттан асқан бір сыншының көзі түседі. Сыншы Тепеңкөктің алды-артына шығып, сұқтана қарап тұрып: «Апыр-ай, осы заманның жылқысы

азды ма деп жүрсем, жоқ, менің көзім тозған екен ғой. Мына жануар бүйірімді қыздырсаң, бәйгеден келем деп тұр ғой!» – дейді.

Бұл сөзді естіген қойшы: «Бәрежелді, қойға да жете алмайтын Тепеңкөкке қайдағы бәйге!» – деп күледі.

Сыншы сол бетінде ат басын байдың үйіне тірейді. Сөз арасында сыншы: «Бәйеке, қырық жылда бір туатын ерен жүйрікті қор қылып, қойға салып қойғаныңыз қалай?» – деп сұрайды байдан.

Бай бұл сөзді көңіліне алып, сыншы келеке етіп отыр-ау деген оймен: «Шын жүйріктің қырық жылда бір туатыны рас болса, сол қырық жылда ортаймайтын дәулетім бар. Менен жүйрік жылқы көргің келсе, қырық жылдан кейін кел!» – деп, қырыс қабақ танытады. Сонда сыншы: «Бәйеке, көңіліңізге алмаңыз, мен шынымды айтып отырмын. Шыққыр көзім шықпаса, қойшының астындағы Тепеңкөк алдына қара салмас жүйріктің өзі. Тек, бабын білмей жүрсіздер. Тепеңкөк бүйірі қызбай шаппайтын, арқасы қозбай арындамайтын ат. Сол үшін, бәйгеге қосарда екі қоржын басы құм теңдеп алу керек. Әрі-бері шапқан соң құлағының түбінен тер білінер. Тер білінген соң-ақ Тепеңкөктің бауыры жазылып, созыла шабуға тиіс. Сол кезде қоржын түбін өткір кездікпен тіліп жіберіп, құмын төксе, сонан соң аруағын көтере ұрандап, айқайға салып отырса, Тепеңкөк сақпанның оғындай заулар еді!» – дейді.

Сыншының айтқан сөзіне бай құлақ асып, бәйгеге қосады. Жай қоспайды, аяққаптай ала қоржынға құм теңдеп қосады. Айтқанындай, сол жолы Тепеңкөк небір желаяқ жүйріктерге шаң қаптырып, жалғыз қара болып бәйгеден келіпті. Осыдан кейін бабы табылған Тепеңкөк бәйгенің алдын бермейтін болыпты дейді.

Мына күй сол Тепеңкөктің шабысын келтірген, арасында ат үстіндегі баланың ұрандаған айқайын білдіретін күй екен.



1-тапсырма. «Тепеңкөк» күйінің бас буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің бас буынын қосылып ойна.



Жұмбақты шеш.

Екеуі елендеп келеді,
Төртеуі төбелесіп келеді.

(Аттың екі құлағы мен төрт аяғы)

21-22-23-24- сабақ

Халық күйі «Тепенкөк» (жалғасы)



Қымыз - жылқы сүтінен жасалатын кышқыл сүт өнімі. Қымызды айырықша ыдыста – торсық және сабада дайындайды.



Тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Жылқы туралы өлең

Тайыржан Оразхан

Біздің ел ертеден-ақ жылқы баққан,
Қолға алғаш үйретіп, ноқта таққан.
Жүйріктерін ішінде таңдап мініп,
Сын сағатта ерлері жауға шапқан
Биені еппен сауып, күбі піскен,
Қымыз ішіп дерт көрмей, батыр өскен.
Саумал ішкен сырқаттың көзі ашылып,
Бала-шаға қуанып ойнап кеткен.
Бейбіт күнде ел-жұрттың дәулеті екен,
Жауға шапса айбыны, қайраты екен.

Ұзақ жорық, сын күнде азаматтың,
Адал серік, талмайтын қанаты екен.



1-тапсырма. «Тепеңкөк» күйінің сағасын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің сағасын қосылып ойна.


25-26-сабақ

Қайталау сабағы



1-тапсырма. Өткен сабақтарда үйренген шығармаларды қайтала.

2-тапсырма. «Көк дөнен», «Жастар биі», «Тепеңкөк» күйлерін топпен бірігіп ойна.





Қайталауға арналған сұрақтар:

1. «Тепеңкөк», «Көк дөнен» күйлерінің ұқсас жақтарын ата.
2. «Тепеңкөк» күйінің ырғағы қандай?
3. «Жастар биі» күйінің көңіл-күйі қандай?
4. Үйренген күйлердің ішінде қай күйдің саға буыны жоқ?
5. «Сауса – сусын, жесе – тамақ, мінсе – көлік» деген теңеу қай жануарға байланысты айтылған деп ойлайсың?
6. Жылқы малының сүйегінен қандай аспап жасауға болады?
7. Жылқы малының қимылын қандай биде келтіреді?

27-28-29-сабақ

Халық күйі «Кеңес»



Кеңес сөзі — бір істі көпшілік болып ақылдасып, бас қосып шешу деген мағынаны білдіреді.



«Кеңес» сөзінің күй атауына айналу себептерін бағзы замандардан іздейміз. Ерте заманда ру, тайпа, мемлекет



1-тапсырма. «Кеңес» күйінің бас буыны мен негізгі буынын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің бас буыны мен негізгі буынын қосылып ойна.

30-31-32-сабақ

Халық күйі «Кеңес» (жалғасы)



Би — көпті көрген, көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, болашақты болжай алатын адам болған. Халық көңілінен шыға білген, тарихта өзіндік орны бар билер — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

«Би бол! Би болмасаң — би түсетін үй бол!»

(халық даналығы)




1-тапсырма. «Кеңес» күйінің сағасын сандық нота нұсқасымен аспапта ойна, жатта.

2-тапсырма. Сыныптастарыңмен бірге күйдің сағасын қосылып ойна.

33-34- сабақ

Қайталау сабағы



Концерт — алдын ала арнайы ұйымдастырылған қойылым.

Концерт бағдарламасы — көрермен алдында орындалатын шығармалар тізімі.



1-тапсырма. Өткен сабақтарда үйренген шығармаларды қайтала.

2-тапсырма. «Көк дөнен», «Жастар биі», «Тепеңкөк», «Кеңес» күйлерін топпен бірігіп ойна.

3-тапсырма. Өз тобыңмен концерттік бағдарлама құр, есептік концертке дайындал.



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Күй сөзі қандай мағына береді.
2. Күй неше буаннан тұрады?
3. Күйдің көңіл күйін қалай білуге болады?
4. Үйренген шығармалардың ішінде қай күйдің сағасы бар?
5. «Кеңес» күйінің екпіні қандай?
6. Көптеген күйлер неліктен халық күйі деп аталады?
7. Үйренген күйлердің тақырыбы жағынан ұқсасы қайсысы?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. - 74 б.
 2. Кюй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
 3. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
 4. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер, 1992. - 240 б.
 5. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
 6. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
 7. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985. - 60 б.
 8. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
 9. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
 10. Күй керуені. .А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
 11. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б.
- Қолданылған интернет материалдары:
12. <https://www.pinterest.ie/pin/588353138798651065/>
 13. <https://shygharma.info/b-jge-s-jg-likter-sajysy/>
 14. <https://allart.kz/dombra-v-vektore-cdr.html>
 15. kk.m.wikipedia.org
 16. <http://www.otbasym.kz/public/index.php/news/kultura/2018-03-08/nauryz-prazdnik-vesny-i-izobiliya>
 17. «Қазақтың Домбыра өнері». М.Әбуғазы «Нұрсәт» баспасы, Алматы. 2016 ж.
 18. <https://stihi.ru/2010/05/06/4013>
 19. <https://infourok.ru/merekeler-men-ertegilikter-zhinai-3013922.html>
 20. https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/mienin_suiikti_isim
 21. <http://shattik.mya5.ru/kontakty-1/?isMobileMode=1>
 22. <https://multiurok.ru/index.php/files/erinshektin-erteni-bitpes-3-synyp-kazak-tilinen-sa.html>
 23. <https://ztb.kz/obsestvo/nauryz-kni-eskeretin-alty-mindet>
 24. <https://kaz.nur.kz/1824479-kazakty-bi-sesenderi-turaly-kansalykty-zaksy-bilesiz.html>
 25. <https://sn.kz/sn-akparat-agyny/58584-aksak-ku-lan-anyzyndagy-akikat-kuidi-zhaksy-tusingen-shyng-yskhan-kalai-mong-ol-atanyp-zhur>
 26. <https://www.opiq.kz/kit/63/chapter/2437>
 27. <https://e-history.kz/ru/contents/view/4219>
 28. <https://kazislam.kz/bala-a-jy-tar-aldynda-besik-zhyryn-aj/>
 29. <https://slides.kz/ulttyk-muzykalyk-aspaptar-slyyd/>

